

Куненова П.С. 4курс студенті Тлепиева А

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан

Мәдени-бос уақыт қызметінің ерекшелігі

Қазақ елі таланттарға кенде емес. Халықтың жыл өткен сайын рухани сұранысы өсе түсуде. Өмір уақыт талабына сай көрермендердің де талғамы өзгеріп, өнер мен мәдениеттің, оның ішінде әрине театрдың да ащы – тұщысын, дәмді-дәмсізін айыра білер шамаға жетті деп айтуға болады.

Жалпы халықтың әлеуметтік жағдайының өсуі білім деңгейі мен мәдениеттің артуы, бос уақыттың болуы жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен халық таланттарының өркен жаюына жол ашты.

Көркем шығармашылыққа жоғары талап қойылғанына байланысты бұл өнер мен мәдениет саласының маңызды бөлігіндегі кадрларды даярлау деңгейін арттыру қажеттілігі туындайды.

Қазіргі жағдайда «көркем-публицистикалық қызмет» ұғымы ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылатын «көркемдік-бұқаралық жұмыс» терминінен пайда болып отыр. Көркем-бұқаралық жұмыс оны ұйымдастырудағы өнерді насихаттау және үгіттеу құралдары үйлестірілген мәдениет мекемелерінің қызмет саласы ретінде қарастырылады.

Қазіргі жағдайда көркем-көпшілік жұмысты «көркем-публицистикалық қызмет» деп атаған жөн. Оның ақпараттық-ағартудан ерекшелігі: көркемдік бейнені, шынайы және нақты оқиғаны іздейтін әдістемелік негізінде жатыр. Көркем-публицистикалық қызмет оның зияткерлік және эмоциялық аясына әсер ету есебінен адамның әлемді сезіну түйсігіне іс жүзінде көмектесуге арналған.

Нарықтық қатынастарға көшу мәдениет мекемелері қызметінің мазмұнын, оны жүзеге асыру әдістерін үнемі байытудың және жаңа бос уақыт технологияларын іздестірудің қажеттілігін туғызады.

Бос уақытты ұйымдастыру жолдары жастарды оның регламенттелмеуімен және оның әр түрлі формаларын таңдаудың еріктілігімен, демократиялығымен, эмоционалды бояуымен, дене тәрбиесін және зияткерлігін, ойлауын және шығармашылығын, өндірістік және ойын қызметтерін үйлестіре алу мүмкіндігімен қызықтырады. Жастардың едәуір бөлігі үшін әлеуметтік демалыс институттары әлеуметтік мәдени интеграцияның және жеке өзін-өзі жүзеге асырудың жетекші салалары болып табылады. Алайда, әлі де қызметтің бос уақытты өткізу саласының барлық осы артықшылықтары жастардың өмір сүру салтының игілігі, әдеттегі атрибутына айналған жоқ.

Жастардың бос уақытын өткізу тәжірибесі жастар үшін әуен, би, ойындар, ток-шоу, КТК-ның (көңілді тапқырлар клубы) неғұрлым тартымды түрлері болып табылатындығын көрсетеді, әйтсе де, мәдени-сауық орталықтары өз жұмысын жастардың қызығушылықтарына қарай әрдайым құра бермейді. Жастардың бүгінгі мәдени сұраныстарын ғана біліп қоймай, олардың өзгеруін алдын ала болжап, сонымен қатар, оларға тез бейімделіп, бос уақытты ұйымдастырудың жаңа түрлерін ұсына білу қажет.

«Бос уақыт» сөзі орыс тілінде XV ғасырда қолданыла бастады. Ежелгі славяндық «досуг» сөзі және «досыгать», «досягнуть» етістіктерінен бастау алады. Мағынасы - белгілі бір еңбек пен уақыт талап етілетін нәрсеге қол жеткізу. Демек, бос уақыт белгілі бір нәрсеге қол жеткізуге мүмкіндік ашатын уақыт ретінде ойластырылған.

Нақты тарихи жағдайлар бос уақытты түсінуге ерекше мән береді. Алғашқы қауымдық топтар үшін бос уақыт бір мағына берсе, гректер үшін - басқасын, Ренессанс немесе ағарту кезеңі үшін - үшінші, қазіргі ұрпақ үшін - төртінші мағынаны білдіреді. Мүмкін, алғашқы қауымдық адамдар мен пуритандықтар еңбек пен бос уақыт арасындағы күрт айырмашылықты жүргізбеген болар, мұның себебі, алғашқылары тағамдық қарапайым қажеттілікті қанағаттандыра отырып, уақыттың едәуір бөлігін демалуда,

ойындарда, қасиетті салт-жоралғыларда және т.б. өткізсе, ал екіншілері алғашқы қажеттілік ретінде толассыз еңбекті еркін таңдаған.

Гректер бос уақытты (мүсіншілер немесе суретшілер) жұмыс функциясы деп санады, өйткені, құл емес, тек еркін азаматтар ғана шығармашылықпен айналысқан, ал қазіргі заман өркениеті бос уақытты ұйымдастыруды жұмыссыздық ретінде қарастырады. Бұл екі өркениеттің мәдени ерекшеліктерінің орналасу диаметрін көрсетеді. Афинада бос уақыт – алғашқы орында тұрса, ал еңбек – екінші орынды алды.

Аристотельдің бос уақыт мәселесін өте терең қарады: «Барлық адам өмірі, - деп жазды ол, - адамның танымы мен бос уақытына.., бір бөлігі қажеттілігі мен пайдасына, бір бөлігі сұлулықты тануға арналған. Өйткені, азаматтардың іспен айналысу және соғыс жүргізу мүмкіндігі болуы тиіс, дегенмен, одан да пайдалырақ, әлемнен рахаттану және бос уақытты пайдалануы қажет. Барлық қажетті және пайдалыға, одан да басым, әдемілікке ұмтылуы тиіс.

Әдебиет:

1. А.Т.Ермуратова. Художественно – массовая организация досуга. –Тараз, 2016
2. Байжігітов Б., Ибраева М. Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері- Алматы, 2014
3. В.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. - Алматы, 1976.
4. Генкин Д.М, Конович А.А. Сценарное мастерство культпрсветчика –М.: Советская Россия, 1989
5. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақтың тәлім тәрбиесі. - Алма-п.1, 1995.
6. Кнебель М.О. Слово в творчестве актера. – М.: ВТО, 1964
7. Капенова А.Е. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.- 2003.